

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық – техникалық университеті»  
КеАҚ Басқарма төрағасы - ректор

А.М. Наметов

« 04 »

2024 ж.



Газ қазандығының операторы  
ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ  
СМЖ.07.ЛН.155

№ 06 басылым  
№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: <u>28.02.2024ж.</u>	Келісілді: <u>01.03.2024ж.</u>	Енгізілді: <u>05.03.2024ж.</u>
Ихсанова С.А. <u>[Signature]</u>	Тагаев О.О. <u>[Signature]</u>	Орнына:
	Алмагамбетова М.Ж. <u>[Signature]</u>	СМЖ.07.ЛН.155
	Тасқалиев Е.К. <u>[Signature]</u>	<u>02.03.2024ж.</u>
	Ихсанов Е.Б. <u>[Signature]</u>	Қайта қаралуы:
		<u>05.03.2027ж.</u>

**Мазмұны:**

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӨ	Қолы

## **1. Бағыты**

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес дайындалды.

## **2. Қолдану саласы**

Бұл нұсқаулық Газ қазандығының операторына (бұдан әрі Газ қазандығының операторына) арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

### **3.1. Газ қазандығының операторы міндетті:**

3.1.1. Өте қауіпті газ жұмыстарын өз алдына дербес атқаруға рұқсат алу үшін тәжірибелік тәлім-тәрбие алуға;

3.1.2. Қамтуындағы жылыту қазандарының және олардың барлық қосалқы қондырғыларының (сорғыштар, желдеткіштер, ауа сорғыштар, түтін сорғыштар, ауа компрессорлары және т.б. жабдықтар) құрылғысын және жұмыс істеу принциптерін білуге, құбырлар желісін, қазан оттығы құрылғысы мен оның реттеу шегін білуге;

3.1.3. Өзінің міндеттері мен құқықтарын білуге, апат, өрт қауіпсіздігі және басқа да қатерлі жағдайлар болған кезде кімге бағынатындығы, кімнің нұсқауын орындау керек екендігі және кімге хабарлау керектігін білуге;

3.1.4. Қамтуындағы қазандар мен олардың барлық қосалқы қондырғыларының, құбырлардың, арматуралар мен гарнитуралар жұмысындағы ақауды дер кезінде айқындауға, анықтаған кемшіліктерді сол сәтте жоюға;

3.1.5 Су деңгейін өлшегіш аспап манометрлер, сақтық құрылғы, дабыл аспабы мен кері қақпақша т.с.с. аспаптардың әрекеті дұрыстығын тексере білуге;

3.1.6. Автоматика және қауіпсіздік, қорғану құралы мен дабыл аспаптардың әрекеті дұрыстығын уақытында тексеруге;

3.1.7. Кезекшілікті тапсыру алдында оттықты тазартып, қазан қондырғысын таза және реттеп тапсыруға;

3.1.8. Кезекшілікті қабылдаушы оператор кезекшілікті тапсырушы оператордан өткен кезегі кезінде жабдықтар қалай жұмыс істегені туралы толық мәлімет алуға;

3.1.9. Үнемі жұмыс орнында болуға, қазандықты жұмыс істеп тұрғанда және оны толық тоқтатқаннан кейін де қараусыз қалдырмауға;

3.1.10. Өз лауазымы шеңберінде СМЖ іс әрекетіне қолдау көрсетуге.

### **3.2. Бағыныштылығы:**

3.2.1. Газ қазандығының операторы қызметке Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен қабылданады немесе қызметінен босатылады;

3.2.2. Газ қазандығының операторы тікелей Жылу, газ және сумен қамту инженеріне бағынады.

3.3. Газ қазандығының операторы білуі тиіс:

3.3.1. Газ қазандығы операторының істеу әдістері мен ережелерін;

3.3.2. Осы лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.3. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын;

3.3.4. Университеттің Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін;

3.3.5. Қоршаған ортаны қорғау туралы.

### **3.4. Біліктілік талаптары:**

3.4.1. Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейінде білуі, газ қазандығының оператор куәлігі;

3.4.2. Жасы 18-ге толған, кәсіптік білімі және жұмыс тәжірибесі болуы керек.

## **4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі**

### **4.1. Газ қазандығының операторы жауапты:**

4.1.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес, осы қарастырылған лауазымдық нұсқаулықтағы өзінің қызметтік міндеттерін орындамаса;

4.1.2. Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңына сәйкес анықталған - өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғаны үшін;

4.1.3. Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдылығына сәйкес материалдық нұқсан келтірген жағдайда.

### **4.2. Газ қазандығының операторы құқылы:**

4.2.1. Кәсіби қызметі үшін қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуге;

4.2.2. Ұзақтығы 24 күнтізбелік күннен тұратын ақылы еңбек демалысын алуға;

4.2.3. Өзінің еңбек етуі барысында кәсіби абыройы мен ар-намысын қорғауға;

4.2.4. Жөндеу және пайдалану қызметі бөлімінің тарапынан қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық мадақтауларға ие болуға.

## **5. Құжаттама**

## **6. Сілтемелер**

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-у;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы 11шілде 1997ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015ж №410-у;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж №553 бұйрығы «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.08.ҚЕ.06. Ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.